



KERЕК DEREK

Қазақстанда 3912 қоғамдық кітапхана, 3054 мәдени-демалыс ұйымы, 286 мұражай, 254 демалыс саябағы, 85 театр, 67 концерт ұйымы, 8 хайуанаттар бағы, 5 цирк бар. 2025 жылы концерт ұйымдарына келушілер саны 10 пайызға артқан. Ойын-сауық және демалыс саябақтарында демалғандар саны – 7,1 пайызға, мәдени-демалыс ұйымдарына келушілер – 3,9 пайызға, театрға барушылар 2,5 пайызға, ал музей аралағандар қатары 1,8 пайызға өскен.

PREZIDENT



«ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ – ОРТАҚ КӨЗҚАРАС»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Өңірлік экологиялық саммитте сөйлеген сөзі

Астанада «Тұрақты болашақ – ортақ көзқарас» тақырыбында Орталық Азиядағы ең ауқымды экологиялық саммит өтуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған маңызды басқосу экожүйені қорғау, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану бағытындағы іс-қимылдарды үйлестіруге арналды. Экологиялық ахуалға алаңдаушылық білдірген 9 елдің Президенті, БҰҰ-ның жоғары лауазымды басшылары, экология саласындағы білікті сарапшылар, халықаралық ұйымдар қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәселесін кеңінен талқылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экологиялық саммитте сөйлеген сөзін оқырман назарына ұсынамыз.

▶ 2-3



▶ 4



ШЫҒАРМА
ЖАЗА АЛАСЫҢ БА?

▶ 6-7



ӨНЕР ҮНДЕСТІГІ

▶ 10

INVESTISIA

ЕГІСТІКТЕН ДАСТАРҚАНҒА ДЕЙІН

Өңірде демонстрациялық парк құрылмақ

Өңірімізде аграрлық салада ірі халықаралық жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі – заманауи аграрлық-ғылыми кешен.

Бытғыр М. Қозыбаев атындағы СҚУ Қытайдың Хэнань ауыл шаруашылығы инвестициялық тобымен бірлесіп, Қызылжар ауданында Қазақстан-Қытай агротехнологиялар және экспортты дамыту технопаркін құру жобасын бастаған болатын. Осы жоба аясында жуырда өңірімізге қытайлық корпорацияның делегациясы келді. Компания өкілдері университетте болып, атқарылған жұмысты қорытындылады және алдағы жоспарларды айқындады. Сонымен қатар дәнді-дақыл сұрыптарын зерттеу және селекциялау бойынша ғылыми жұмыстардың жоспары нақтыланып, болашақ демонстрациялық парктің құрылымдық жобасы әзірленді. Шетелдік мамандар Қытайдан бидай, жүгері және сояның 32 сортын, жалпы салмағы 177 келі болатын дәнді дақыл әкеліпті.



▶ 4



ҚАРУ АСЫНҒАНЫҢ БӘРІ АҢШЫ ЕМЕС

▶ 5

□ QARJY NARYǴY

ШОТ БҰҒАТТАЛСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі шот бұғатталған кезде не істеу керектігін, бұғаттау тәуекелін қалайша төмендетуге болатынын түсіндіріп берді. Банк шотын бұғаттаудың себептері әртүрлі болуы мүмкін.

Шотты бұғаттаудың ықтимал себептері:

- алаяқтық немесе әдеттен тыс операцияларға күдіктің болуы (мысалы, ірі немесе жиі аударымдар, әсіресе шетелден);

- мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша бұғаттау (салық қызметі, сот орындаушылары, қаржы мониторингі органдары);

- банк жүйесіндегі техникалық ақау немесе қате;

- қате ПИН-кодты енгізу, картаның қолданыс мерзімінің аяқталуы.



Шот бұғатталған жағдайда бірінші кезекте банктің мобильдік қосымшасындағы хабарламаларды тексеріңіз, то-

лық ақпарат сол жерде көрсетілуі мүмкін.

Банкпен колл-орталық арқылы байланысыңыз немесе

толық ақпарат алу үшін жақын жердегі бөлімшеге хабарласыңыз. «eGov.kz» немесе салық телеушінің кабинеті арқылы берешектің бар-жоғын тексеріңіз.

Бұғаттау тәуекелін төмендету үшін:

- кәсіпкерлік қызмет үшін жеке шотты пайдаланбаңыз;

- ірі аударымдар және өзге де әдеттегіден тыс операциялар туралы банкке алдын ала хабарлаңыз;

- дербес деректердің өзектілігін және құжаттардың қолданыс мерзімдерін қадағалаңыз;

- берешектің болуын үнемі тексеріп отырыңыз және оларды уақтылы төлеңіз.

Жайна НҰРМАҒАНБЕТ.

Qüttyqtaimyz!



Шал ақын ауданы, Семи-полка ауылының тумасы, Қызылжар ауданы, Кривозерка ауылында тұратын аяулы жеңгем **Шолпан Алжығанқызы Нәбиеваны** 24 сәуірде 85 жасқа толуымен құттықтаймын.

7-сыныпты бітірген соң Шолпан Алжығанқызы совхозда жұмыс істеді. 18 жасында Амангелді ауылында тұратын Нәбиевтер отбасына келіп болып түсті. Жеңгем күнара бөлке-бөлке нан пісіретін. Көп жыл бұрын Германияға көшіп кеткен көршілеріміздің өзі сөйлескен сайын оның пісірген нанының хош иісін еске алып, әлі күнге дейін айтып отырады.

Әр жылдары балабақшада, мектепте, МТМ-да еңбек етіп, 11 баланы дүниеге әкелген алтын құрсақ ана ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен, «Батыр ана» орденімен, «Алтын алқа» белгісімен марапатталды. Бүгіндері ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере-жиеннің қызығын көріп, шөбере сүйіп отыр.

Ешкімге артық сөз айтпаған, ешқашан қабақ шытпаған жеңгеміздің қуанышына ортақтаса отырып, аяулымызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығын тілеймін.

Ақ тілекпен: **қайын сіңілісі Балжан Тасқұлова.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Транснефть-Урал» АҚ филиалы «Петропавл» ЖӨДС жұртшылықты «Петропавл» ЖӨДС, инв. №011110102Б панахана ғимараты, Қорған НУ. Ағылдағы жөндеу», «Петропавл» ЖӨДС объектілері ғимараттарының шатырларында сақтандыру жүйелерін монтаждау, Қорған НПУ. Техникалық қайта жаратқандыру» жобаларына, сондай-ақ жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасына, қалдықтарды басқару бағдарламасына, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына қатысты әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Учаскенің координаттары: 54.869094 с.е., 69.218105 ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 28 мамыр күні сағат 10:00-де мына мекенжайда өтеді: Петропавл қаласы, Тимирязев көшесі, 25, ЖӨДС кеңсесі. Сондай-ақ конференцияға қатысу үшін мына сілтеме бойынша «ZOOM» платформасына қосылуға болады: <https://us05web.zoom.us/j/8355898163-3?pwd=kJSjP4JwBg9CAgAqlejDqttbpc6ak.1>

kJSjP4JwBg9CAgAqlejDqttbpc6ak.1, конференция идентификаторы: 835 5898 1633, кіру коды: 8br0R0.

Жобаға тапсырыс беруші: «Транснефть-Урал» АҚ-ның ЖӨДС «Петропавл» филиалы (Петропавл қаласы, Тимирязев көшесі, 25, БСН: 110940001988, тел.: 50-90-22).

Жобаны жасаушы: «ПЕТРОЭКО-ЦЕНТР-Логистика» ЖШС (Петропавл қаласы, Горький көшесі, 166, БСН: 110940000580, тел.: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Жобаның материалдары <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (ашық жиналыстар) сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57В, «СКО» әкімдігінің табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Қосымша ақпаратты 850828@mail.ru электрондық поштасы және 87152502525 телефоны арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЛПДС «Петропавловск» филиал АО «Транснефть-Урал» информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по проектам Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочим проектам «Здание убежище. Инв. №011110102Б. ЛПДС «Петропавловск». Курганское НУ. Текущий ремонт», «Монтаж страховочных систем на кровлях зданий объектов ЛПДС «Петропавловск». Курганское НУ. Техническое перевооружение», проекту нормативов допустимых выбросов, программе управления отходами, программе производственного экологического контроля, плану мероприятий по охране окружающей среды. Координаты участка 54.869094 с.ш., 69.218105 в.д.

Место и время проведения общественных слушаний: г. Петропавловск, ул. Тимирязева, 25, офис ЛПДС, 28.05.2026 г., в 10.00 ч. Также для участия в конференции можно подключиться по ссылке на платформе «ZOOM»: <https://us05web.zoom.us/j/83558981633?pwd=kJSjP4JwBg9CAgAqlejDqttbpc6ak.1>, идентификатор конференции: 835 5898 1633, код

доступа: 8br0R0.

Заказчик проекта: ЛПДС «Петропавловск» филиал АО «Транснефть-Урал» (г. Петропавловск, ул. Темиряева, 25 БИН: 970941001988 Тел.: 50-90-22)

Разработчик проекта: ТОО «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистика» (г. Петропавловск, ул. Горького, 166. БИН: 110940000580 Тел: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Материалы проекта размещены на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (Открытые собрания) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> (раздел «Общественные слушания»).

Замечания и предложения принимаются по адресу: г. Петропавловск, ул. Парковая 57В, КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО». Тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по e-mail: 850828@mail.ru и по телефону 87152502525.

Eske alu



Сәуір айының 16 жұлдызында Есіл ауданы, Еңбек ауылының тумасы, аяулы да асыл анамыз **Дәмеш Қозыбайқызы Құсайыновадан** айырылып қалдық.

1932 жылы туған анамыз таудың бір шыңы сияқты айбынды еді. 1955 жылы комсомол жолдамасы бойынша Айыртау ауданына барған жас маман Целинный орта мектебінде бастауыш сыныптың мұғалімі бола жүріп, мектеп жанынан интернет ашу мәселесінің шешілуіне атсалысты. Сол мектепте директор қыз-

метін атқарған кезде басқарма шешіміне қарсы шығып, интернетті жапқызбады.

40 жыл ұстаздық еткен жан осы уақыт ішінде оқушыларына білім мен тәрбие беріп қана қоймай, адамдық пен әділдікке үйретті. Қыруар жұмыстан қолы қалт екенде өлең жазатын анамыздың жаны сондай нәзік еді. Әйтсе де ер адамдарға пара-пар күш-жігері, қажыр-қайраты, ақыл-айласы әркез бойынан табылатын. Осындай асыл жан төрт баласынан тараған немере-жиендерінің, шөберелерінің қызығын көрсер шақта бақилық дүниеге аптанды. Алып бәйте-регіміздің о дүниеде жатқан жері жарық, иманы жолдас болсын дейміз.

Анамыздың 40 күндік асы 2026 жылғы 24 мамыр күні Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 7 мекенжайында орналасқан «Есіл» мейрамханасында өтеді.

Еске алушылар: **балалары, күйеу баласы.**



Есіл ауданы, Өрнек ауылының тумасы бауырымыз, ініміз, ағамыз **Кенес Айғанұлы Әбілев** ажал құрығына ілікпегенде сәуір айының 24-і күні 65 жасқа толғанын тойлар едік-ау... Амал қанша, небәрі 21 жасында өмірден озды.

Кенес бауырымыз ақылды, адал, тілалғыш, кішіпейілдігімен, қамқорлығымен, жанашырлығымен, оқуға құштарлығымен елден ерек еді. Тапсырылған мін-

детті тиянақты орындайтын.

Көз алдымыздан кетпейтін ақжарқын бейнесі санамызға нұр себеді. Еркелетіп, емірене құшағымызға алғымыз келеді. Қолымыздан бар келері – қайғылы көңілімізді жұбатып, жыл сайын туған күнінде жарқын бейнесін сағына еске алып, рухына құран аяттарын бағыштау. Бауырымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннаттың төрінен болсын.

Тек өзіңсіз өтіп жатыр жолмына,

Әттен, саған өте қысқа болды да.

Біз отырмыз мұңға толған жүрекпен,

Туған күнде қуанудың орнына...

Еске алушылар: **бауырлары Рашида, Бейбіт, Мақсұт, Какима, Шайзада, Гүлия.**

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздер басқа ақпарат құралдарына қарағанда бағасы арзан және тиімді «Soltüstik Qazaqstan» газеті арқылы ата-аналарыңызды, туған-туыстарыңызды, жора-жолдастарыңыз бен әріптестеріңізді:

- туған күнімен;
- мектеп табалдырығын аттауымен;
- үйлену тойымен;
- мерейтойымен;
- зейнет демалысына шығуымен және тағы басқа да қуаныштарымен құттықтап, жеке хабарландырулар бере аласыздар.

Біздің мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүгішев көшесі, 7.

Электронды мекенжайымыз: «kuzylzhar_akparat@mail.ru», тел.: 8 (7152) 50-09-15, 8-777-495-67-90.